

БЕКІТІЛГЕН:
№ _____ 2005 жылғы
Құрылтайшының шешімі

**«ИТАЛИЯ» Орталығы» «CENTRO «ITALIA»
мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «ИТАЛИЯ» Орталығы» «CENTRO «ITALIA» мекемесі, әрі қарай Мекеме деп аталады, коммерциалық емес ұйым болып табылады, оның негізгі мақсаты болып Қазақстан Республикасында италиян тілін, Италияның тарихын, мәдениетін оқуға жан жақты ат салысу табылады.

1.2. Заңды тұлғаның толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «ИТАЛИЯ» Орталығы» «CENTRO «ITALIA» мекемесі;

Орыс тілінде: Учреждение «ИТАЛИЯ» Орталығы» «CENTRO ITALIA».

Мемлекеттік тілдегі қысқартылған атауы: «Италия» Орталығы

Орыс тілінде қысқартылған атауы: Центр «Италия»

Латын тіліндегі қысқартылған атауы: “CENTRO ITALIA”.

Барлық атаулар тең дәрежеде пайдалынады.

1.3. **Мекеме** өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, ҚР «Коммерциалық емес ұйымдар туралы» Заңын, басқа да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.4. **ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (заңды мекен жайы): 480091 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жетісу ауданы, Досмухамедов көшесі, 15 –ші үй, 203 пәтер.**

1.5. **Мекеменің Құрылтайшысы болып табылады:** Италия азаматы Кармине Барбаро, туылған күні 24.08.1948 ж., тұратын мекен жайы: Алматы қ., Тузов к-сі, әң пәтер. 18. Төлқұжат № Y 001095, берілген күні 24 сәуір 2003 ж.

1.6. Мекеменің қызмет мерзімі шектелмеген.

МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

1.7. Мекеме құрудың мақсаты және Мекеменің негізгі мақсаттары болып табылады:

Қазақстан Республикасында италиян тілін, Италияның тарихын, мәдениетін үйренуге жан жақты ат салысу;

осы елдер мен Қазақстанның мәдениеті мен әдет-ғұрыптарының өзара сіңісуін ықпал етуді және байланыстарды кеңейту, әр түрлі елдердің азаматтары арасында араласу ортасын кеңейту мақсатымен үкіметтік және үкіметтік емес деңгейде басқа елдердің ұйымдарымен халықаралық байланыстарды дамыту. Осыған байланысты Мекеме өз қызметінің негізгі мәні ретінде келесі міндеттерді табады:

1. Италияның, басқа да елдердің тарихы, мәдениеті мәселелері жөніндегі ұлттық және халықаралық білім беру бағдарламаларын, ғылыми-танымдық лекцияларды ұйымдастыруға және өткізуге ат салысу, сондай-ақ басқа ұйымдар мен жекелеген тұлғалар өткізген осындай шараларға қатысу;
2. шарттық негізде жоғарғы оқу орындарында итальян тілін және басқа да тілдерді, сондай-ақ Италияның және басқа да елдердің мәдениеті мен тарихына қатысты пәндерді оқытуға ат салысу;
3. бұл курстарды бітіргендігі туралы тұлғаларға сертификаттар беру арқылы итальян тілін үйрету жөніндегі курстарды ұйымдастыру;
4. семинарларды, конференцияларды, оқу курстарын, презентацияларды және көрмелерді өткізу;
5. аударма қызметін көрсету.

Мекеме ҚР қолданыстағы заңдарымен тыйым салынбаған, Мекеменің мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал ететін қызметтерін басқа да түрлерін атқарады.

1.8. Мекеме өзінің мақсаттарына және Қазақстан Республикасының коммерциалық емес ұйымдарға қатысты саясатына сәйкес мемлекеттік органдармен және оқу орындарымен, олармен өзара тиімді келісімдер бекіту және олар үшін белгілі бір жұмыстарды атқару жолымен ынтымақтасуды қарастырады.

1.9. Мекеме білім беру қызметтерін көрсету саласында өз қызметін атқаратын, коммерциалық емес ұйымдардың аталған түріне арналған заңдарға сәйкес өзінің жарғылық мақсаттарына жетуге бағытталған кәсіпкерлік қызметті атқара алады.

1.10. Мекеме кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар оның құрылтайшылары арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

2.МЕКЕМЕНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1.**Мекеменің** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес құқығы бар:

- 1) заңдармен белгіленген тәртіпте банктерде шоттар ашуға;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы бар мөрді, штампты және бланкаларды, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген таңбаны (белгіні) иеленуге;
- 3) жеке меншікте немесе жедел басқару құқығына жекелеген мүлікті, сондай-ақ дербес балансты немесе сметаны ұстауға;
- 4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және атқаруға;
- 5) басқа заңды тұлғаны құруға;
- 6) филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;
- 7) ассоциацияларға және одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметтеріне қатысуға;
- 8) жарғыда көрсетілген мақсаттарды атқаруға қаражаттар пайдалануға;
- 9) сотта талапкер және жауапкер болуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтарды атқаруға.

2.2. Алға қойылған мақсаттарға жету және тиімді қызметті қамтамасыз ету үшін **Мекеме атқара алады:**

- заңды және жеке тұлғалармен Заңмен тыйым салынбаған кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау;
- белгіленген тәртіп бойынша қолма қол, қолма қол емес және айырбас жасау жолымен заңды және жеке тұлғалардан көрсетілген қызметтер үшін ақы алу;

- Қазақстанда, сондай-ақ шетелде жылжитын және жылжымайтын мүліктің кез келген түрін салу, сатып алу, иеліктен шығару, жалға алу және беру;
- несиелік операцияларға арналған тәртіп пен талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік, коммерциалық, жеке, шетелдік банктер мен шаруашылық етуші субъектілердің несиелерін пайдалану;
- жұмыскерлер мен қызметкерлерді жұмысқа алу және жұмыстан босату, тұрақты және уақытша творчесталық және басқа да ұжымдарды құру, тараптардың келісімі бойынша еңбекті төлей отырып, мердігерлік шарты, еңбек келісімі, келісім-шарттар және шарттардың басқа да түрлері негізінде жеке және заңды тұлғаларды әр түрлі жұмыстарды атқаруға тарту;
- мемлекетпен белгіленген төменгі жалақыны қамтамасыз ете отырып, Мекеме жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу үлгісін және жүйесін дербес белгілеу;
- Мекеменің еңбек ұжымының қатысушыларының және мүшелерінің әлеуметтік қажеттіліктерін шешуге таза табыстың бір бөлігін жұмсау;
- Мекемеде атқарылған барлық жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін бағаны өзі қою.

2.3. Мекеме міндеті:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау;
- 2) белгіленген тәртіпте бюджетке салықты және басқа да міндетті төлемдерді төлеу;
- 3) коммерциалық емес ұйымдардың осы түрлеріне заңмен қарастырылған тәртіпте өз міндеттемелері бойынша жауап беру;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап беру.

3.МЕКЕМЕНІҢ МҮЛКІ МЕН ҚАРАЖАТТАРЫ

3.1. Мекеменің мүлкі оған жедел басқару құқығымен тиесілі.

3.2. Мекеменің оған смета бойынша бөлінген қаражаттардың есебінен алынған мүлікті және оған бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе басқа да жолмен басқаруға құқығы жоқ .

3.3 Мекеме қызметті қамтамасыз ету үшін жедел басқару құқығында оның жарғысымен қарастырылған қызметтерді материалдық қамтамасыз етуге қажетті объектілерді және мүлікті иелене алады.

3.4. Заң актілеріне сәйкес мекеменің ақшалай және басқа да түрдегі **мүлкінің құралу көздері** болып табылады:

- 1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен ақша;
- 2) гранттарды қоса алғанда, заңды және жеке тұлғалардың ерікті мүліктік жарналары;
- 3) білім беру және басқа да саладағы жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асырудан түскен түсімдер (кірістер);
- 4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар мен салымдар (депозиттерден) алынған дивидендтер (кірістер), сыйақылар (мүдде);
- 5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

3.5. Құрылтайшыдан қаржылық және басқа да қаражаттардың түсу тәртібі оның шешімімен белгіленеді.

3.6. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің басқаруындағы ақшалармен жауап береді. Олар жеткіліксіз болған жағдайда мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшылары жауап береді.

3.7. Құрылған мекеменің мүлкіне құрылтайшылардың құқықтары ҚР Азаматтық кодекспен, ҚР «Коммерциалық емес ұйымдар туралы» Заңымен белгіленеді, соған сәйкес құрылтайшыларың жедел басқару құқығындағы мекеменің мүлкіне жеке меншік құқығы бар.

Мекеменің меншік иесінің мекеменің органдарын білдіруші тұлғалармен мекеменің қызметіне және мүлкіне осы тұлғалардың қатысу үлесі мен жеке салымдарын ескере отырып, оның қызметінен мекеме алған табыстар бойынша мекеменің меншігіндегі олардың үлестерін белгілеу туралы шарттар бекітуге құқығы бар.

4. МЕКЕМЕНІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

4.1. Мекеменің басқару органдары болып табылады:

1) Жоғарғы орган Мекеме қызметтің кезкелген мәселесі бойынша шешімдер қабылдауға құқылы құрылтайшы болып табылады.

2) Атқарушы орган – Мекеменің Бас Директоры.

3) Бақылау органы тексеру комиссиясы, Тексеруші (*коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайды немесе тағайындайды*)

Мекеме Құрылтайшының шешімі бойынша басқа да органдар құрылуы мүмкін.

4.2. Құрылтайшының (меншік иесі) құзыреттері.

4.2.1. Құрылтайшының ерекше құзіретіне келесі мәселелерді шешу кіреді:

1) Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар қабылдау, енгізу;

2) Мекемені қайта құру және тарату;

3) Мекемені басқару органдарының өкілеттіктерін құру мен тоқтаудың тәртібін басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын белгілеу, соның ішінде мекеменің Кеңесін құру.

4) Мекеменің басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау.

5) атқарушы органдардың қаржылық есептерін ұсынудың тәртібін және кезеңділігін, сондай-ақ бақылаушы органдардың тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін белгілеу.

4.2.2. Құрылтайшының Мекеме қызметінің кез келген басқа да мәселелерін шешуге құқығы бар, бірақ әдетте Мекеме үшін маңызы бар кез келген мәселелер Мекемені басқарудың барлық органдарының ойларын ескере отыру осының негізінде.

4.3 Мекеме Кеңесінің құзыреті

Құрылтайшының өзі тағайындайтын, сондай-ақ мекеме қызметкерлері өздерінің қатарынан ұсынытын жеке тұлғалар кіре алатын мекеме кеңесі.

Мекеменің Кеңесі Мекеме қызметінің кез келген мәселерін қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқығы бар, бұған құрылтайшының ерекше құзіреттеріне жатқызылған мәселелер жатпайды.

4.3.1. Мекеменің Кеңесі құзіретіне атап айтқанда келесі мәселелер жатады:

1) Мекеменің перспективаларын, қызметінің жоспарларын белгілеу; олардың орындалуына міндеттер мен бақылауды қою;

2) атқарушы органның еңбек ақы төлеу жүйесі жөніндегі ұсынысын, лауазымдық жалақылар мен қызметтік үстеме ақылардың көлемін, сыйақы беру мәселелерін, марапаттау және тәртіптік өндіріп алу шараларын қолдану.

4.4 Атқарушы органның құзіреттері .

4.4.1. Мекеменің Атқарушы органы болып мекеменің Бас директоры табылады (мәтін бойынша директор), ол мекеме қызметіне ағымдағы басқаруды атқарады. Мекеменің директоры ретінде Мекеменің құрылтайшысы (қатысушысы) болатындығына жол беріледі. Бұл орайда өзінің ағымдағы қызметі бойынша жалпы жиналыстың құзіретіне кіретін мәселелер жөнінде ол басқарудың жоғарғы органы – жалпы жиналысқа есеп береді. Мекеменің жоғарғы органы мен атқарушы орган арасында келіспеушіліктер туындаған кезде мәселелер

келіссөздер арқылы шешіледі. Мекеменің қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша соңғы шешімді мүліктің меншік иесі шешеді.

4.4.2. Бас директор:

- 1) Мекеменің қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады
- 2) сенімхатсыз Мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) мекемені білдіру құқығына, соның ішінде қайта сенімдеу құқығы бар сенімхаттарды береді;
- 4) мекеменің жұмыскерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау және босату туралы бұйрық шығарады,
- 5) Мекеменің Кеңесі ерекше құзіретіне жатқызылмаған басқа да өкілеттерді, сондай-ақ оған құрылтайшы берген өкілеттіктерді атқарады.

5.МЕКЕМЕНІ ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ ЖӘНЕ ТАРАТУДЫҢ ТӘРТІБІ

5.1.Мекеме Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, осы Жарғымен және басқа да заң актілерімен қарастырылған тәртіпте қайтадан құрылуы мүмкін.

5.2. Коммерциялық емес ұйымды қайта құру, қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту және заңдармен қарастырылған басқа да түрде жүргізуі мүмкін.

5.3. Мекеме оның мүлкінің меншік иесінің шешімі бойынша ерікті түрде және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған тәртіпте және негізде мәжбүрлеу арқылы (соттың шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

5.4.Мекеменің құрылтайшысы немесе коммерциалық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган дереу жазбаша түрде бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеумен айналысатын әділет органдарына хабарлауға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, ҚР «Коммерциалық емес ұйымдар туралы» Заңына сәйкес Мекеменің таратылуы тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін таратушы комиссияеы тағайындауға міндетті.

5.5. Құрылтайшылар несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкіне меншік құқығын сақтайды.

5.6. Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне бұл туралы жазба енгізілген сәттен бастап Мекемені тарату аяқталады, ал мекеме өз қызметін тоқтатты деп саналады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ (ҚАТЫСУШЫ):

Кармине Барбаро